



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ



Маңғыстау облысы, 2026 жыл



Қоғамдық кеңестің міндеттері

- ✓ Азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру
- ✓ Орталық атқарушы органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасауын дамыту
- ✓ Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және орталық атқарушы органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады



Қоғам мен билік арасындағы ашық диалогты қамтамасыз ету




Кеңестің құрамында **31 мүше** бар

- **5 мүше** — мемлекеттік қызметшілер;
- **қалғандары** — үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, кәсіпкерлер, ғылыми және сараптамалық орта өкілдері, ардагерлер, қоғам белсенділері.



Мүшелердің әрқайсысы өз саласының тәжірибелі маманы, азаматтық қоғам көшбасшылары.

ТӨРАЛҚА ҚҰРАМЫ



Жүсіпов Бекмұрат Қыдырбайұлы



Жеткізгенұлы Тілек



Сарман Байшылық
Төребайұлы



Тлеубаева Қаламқас
Қалиқызы



Борашов Раббим
Байбозұлы

✓ Кеңестің жұмысын үйлестіру үшін **5 адамнан тұратын Төралқа сайланды.** Төралқа күнделікті ұйымдастыру, талдау және үйлестіру жұмыстарын жүргізеді.

✓ Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына Қоғамдық кеңестің төрағасы, өзінің қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылған мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің уәкілетті өкілі, Қоғамдық кеңес комиссияларының төрағалары, жекелеген мүшелері кіреді.

Қоғамдық кеңестің төралқасы:

-Қоғамдық кеңес комиссияларының жұмысын үйлестіреді;


-Қоғамдық кеңестің отырыстарын өткізуге дайындықты ұйымдастырады;

-Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;


-Қоғамдық кеңес ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады.



Маңғыстау облысының Қоғамдық Кеңесінде **2 (екі) тұрақты комиссия** жұмыс жасайды




Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия – денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, жастар саясатын қамтиды




Экономика және бюджет мәселелері жөніндегі комиссия – облыс бюджетінің тиімділігі, инфрақұрылымдық жобалар, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу сапасы, экономикалық даму жәйларын қарайды

Бұл комиссиялар Кеңестің негізгі жұмыс орталығы болып табылады



Өткізілген отырыстар – 19
(жоспарлы – 11, кезектен тыс – 8)



Барлығы 30-ға жуық күрделі мәселе қаралды

- ТКШ саласындағы проблемалар,
- жылу беру маусымына дайындық,
- ауыз су тапшылығы,
- білім беру және денсаулық сақтау сапасы,
- абаттандыру жұмыстары,
- жол инфрақұрылымы,
- тарифтік саясат,
- бюджет тиімділігі және оның шығыстарының ашықтығы,
- экология және көгалдандыру,
- қоғамдық қауіпсіздік,
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету,
- облыстағы туризм саласының жайы,
- мемлекеттік қызмет көрсету сапасы.





Кеңеске күнделікті түсетін барлық **нормативтік-құқықтық актілердің жобалары ЕПИРГО жүйесіне жүктеледі.**



Нормативтік-құқықтық актілерді қарау (НҚА)



Кеңес мүшелері:

- НҚА мазмұнымен танысады;
- ескертулер мен ұсыныстар енгізеді;
- онлайн түрде дауыс береді;
- қорытынды шешім қабылдайды.



Электронды формат Кеңес жұмысының тиімділігін арттырып, шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік берді. Барлық келісілген ұсыныстар тиісті органдарға уақытылы жолданып, олардың орындалуы бойынша кері байланыс қамтамасыз етіледі.



Бюджетке қатысты қабылданатын НҚА міндетті түрде кеңес отырысында талқыланады, ал кеңес мүшелерінен түскен ұсыныстар тиісті орындарға жолданады.

Маңғыстау облысының Қоғамдық Кеңесі



МАНҒЫСТАУ

Жұмыс топтарының қызметі және мониторинг


Жылу маусымына дайындық жөніндегі жұмыс тобы



Қоғамдық кеңес өңірдің өзекті бағыттары бойынша бірнеше жұмыс топтарын құрып, ауқымды мониторинг жүргізді.

Облыс орталығын абаттандыру жөніндегі жұмыс тобы

Қаланы көгалдандыру жөніндегі жұмыс тобы



Маңғыстау облысының Қоғамдық Кеңесі



МАНҒЫСТАУ

Азаматтарды қабылдау және кері байланыс



Кеңес мүшелерінің біліктілігін арттыру



Қоғамдық кеңес мүшелерінің белсенділігі





Маңғыстау облысының Қоғамдық кеңесі құрылған күннен бастап өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығына және халықтың билікке деген сенімін арттыруға зор үлес қосып келеді.



Кеңестің жұмысы:

- ✓ – халықтың үніне құлақ асатын мемлекет қағидаттарына сай;
- ✓ – қоғам мен билік арасындағы көпір рөлін атқарады;
- ✓ – өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді;
- ✓ – шешім қабылдауда ашықтық пен қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді.

Алдағы уақытта да Қоғамдық кеңес өз миссиясын жалғастырып, өңірдің жан-жақты дамуына бағытталған бастамаларды іске асыруға белсенді қатыса береді.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!